

## БӨЛІМ: БИОЛОГИЯ

## Жапырақ өркеннің бүйірлік жанама мүшесі.

ЖАРИЯЛАНДЫ  
07.11.2017СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/20243/

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

**Сабақтың тақырыбы:** Жапырақ өркеннің бүйірлік жанама мүшесі.

**Сабақтың мақсаты:** Жапырақ өркеннің бүйірлік жанама мүшесі. Жапырақтың сыртқы және ішкі құрылысы. Жапырақтың алуантүрлілігі, олардың өсімдік тіршілігіндегі рөлі. Жапырақ өсімдіктің фотосинтез жүретін арнайы мүшесі, су булану және газ алмасу. Жапырақтың түр өзгерістерін білу

**Білімділік:** Оқушыларға жапырақтың сыртқы және ішкі құрылысы, жапырақтың қызметі, түрлері, жапырақтың жүйкеленуі және түрөзгерісі туралы білім беру.

**Дамытушылық:** Әр оқушының қабілетін шыңдап, ізденпаздығын, жауапкершілігін дамыту. Пәнге деген қызығушылығын арттыру. Зерттеу қабілеттерін дамыту.

**Тәрбиелік:** Ұтымды ойлауға, белсенді қимылдауға, өзгенің пікірін тыңдауға тәрбиелеу. Қоршаған ортаны қорғауға тәрбиелеу.

**Сабақтың көрнекілігі:** таратпа материалдар, тірек сызбалар, кеппешөп, бөлме өсімдігі

**Сабақ өткізу әдісі:** тірек-сызба, топтық жұмыс, сызықтық тест, графикалық диктант, кесте.

**Сабақтың жоспары:****I. Ұйымдастыру кезеңі**

А) Сәлемдесу, түгендеу;

Ә) Жаңа сабаққа зейіндерін тұрақтандыру

**II. Үй тапсырмасын сұрау** (сұрақ-жауап, кесте)

1. Өркен дегеніміз не?
2. Буын және буын аралығы деп нені айтамыз?
3. Бүршіктің орналасқан жеріне байланысты неше түрі бар?
4. Бүршіктің ішкі құрылысы?
5. Өсу бүршігі мен гүл бүршігінің қандай айырмашылығы бар?

Миға шабуыл : Жұмбақтың жауабын табу арқылы.



**IV.Бекіту:** 3 топқа жеке-жеке тапсырма беру

1-тапсырма: берілген өсімдіктерді жапырақ пішіндеріне қарай ажыратып, тиісті тобына реттік нөмірін жазу

1. Қарабидай
2. Гүлшетен
3. Қарағай
4. Шырша
5. Шырмауық
6. Жөке
7. Жүгері

Таспа тәрізді

Жебе тәрізді

Қылқанды немесе ине  
тәрізді

Жүрек пішінді

2-тапсырма : Графикалық диктант «V» дұрыс, « — » қате.

1. Жапырақ өсімдіктің өсу мүшесі.
2. Жапырақта органикалық заттар жиналмайды.
3. Жапырақ тақтадан және сабақтан тұрады.
4. Егер бір сабақта екі немесе одан да көп тақтасы болса бұл жай жапырақ.
5. Сабақсыз жапыраққа терек, қайың, емен жапырақтары жатады.
6. Көбеюге қатысады.
7. Жапырақ қор затын жинамайды.

3-тапсырма: Сәйкестендіру тесті.

- |                           |          |
|---------------------------|----------|
| 1. Үш құлақты күрделі     | итмұрын  |
| 2. Тақ қауырсынды күрделі | шырмауық |
| 3. Жұп қауырсынды күрделі | қарағай  |
| 4. Ине тәрізді            | беде     |
| 5. Бүрек тәрізді          | асбұршақ |
| 6. Жебе тәрізді           | бегония  |

**V. Үйге тапсырма:** § 16,17 (40- суретті салып келу.)

**VI. Бағалау**

**VII. Қорытындылау:** Жапырақ туралы түсініктерін баяндау.